

Койлыбаева Раушан Қуанышқызының «8D02314 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған «Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші

ПІКІРІ

Өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтарымызды, танымымызды бағалауға, оларды сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу өзектілігін ешқашанда жоғалтпайтын мәселелердің бірі. Отбасы тіршілігінде ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер үнемі сақталып отырса, баланың ұлттық сана-сезімі, танымы қалыптасады. Отбасы – ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың қайнар көзі. Жас ұрпақ санасына ұлттық танымға деген көзқарастар жүйесін, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, тыйым сөздерді сіңіретін отбасы. Сондықтан да, отбасын ұлттық таным мен құндылықтарды қалыптастыратын, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін орта ретінде қарастыруға болады. Ұлттық құндылықтарға деген құрмет, отбасындағы құндылықтарды бағалаудан қалыптасады.

Ұлттық танымның негізі болатын қазақ отбасы құндылықтарының, әсіресе күнделікті қатынас барысында орын алатын отбасы дискурсын ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер мен наным-сенімдер негізінде репрезенттеуге арналған диссертациялық жұмыс – бүгінгі күннің өзекті мәселесі екені анық. Ұлттық құндылықтарды отбасы дискурсы кезінде орын алатын мәтіндер мазмұнынан көруге болады. Осы мәселелердің мазмұнын ашуда, диссертант Койлыбаева Раушан Қуанышқызы өзінің тақырыпқа деген ғылыми қызығушылығы мен дербес зерттеулерінің нәтижесінде қазақ тіл біліміндегі дискурстық зерттеулерге, соның ішінде отбасы дискурсы мәселесін қарастырып, қазақ отбасы дискурсының аксиологиялық мазмұнын ашу мақсатында лингвистикалық тұрғыда зерттеу жұмысын жүргізді.

Ұлттық сананың көрінісін беретін ұлттық құндылықтарды жұмыстың материалдық негізі етіп алып, оның отбасы дискурсында репрезенттелуін ашуда нақты жоспарлармен іске асырылғаны жұмыстың жүйелілігі мен құрылымдық деңгейінен байқалады.

Докторант зерттеу жұмысының мақсатында қазақ отбасы дискурсының аксиологиялық ерекшеліктерін лингвокогнитивтік тілдік бірліктер негізінде зерттеуді көздейді. Зерттеу жұмысында отбасы дискурсына қатысты ғылыми пікірлер, қағидалар мен теориялық ұғым-түсініктер негізге алынып, ғылыми деректерге талдау жасалып, алынған түйіндер жұмысқа теориялық және әдіснамалық негіз ретінде пайдаланылған.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалықтары:

Біріншіден, отбасы дискурсы мен отбасы коммуникациясының ерекшеліктерін коммуникативтік аспектіде негіздеген;

Екіншіден, отбасы дискурсындағы жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың мәні айқындалған;

Үшіншіден, қазақ отбасы дискурсына тән сөзсаптамдар арқылы оның когнитивтік аспектісі мен коммуникативті-прагматикалық қызметі анықталған;

Төртіншіден, қазақ отбасы дискурсына тән құндылықтарды анықтайтын сауалнама жүргізіп, оның нәтижесі талданған және отбасы дискурсының психолінгвистикалық қыры мысалдармен дәйектелген.

Жұмыстың барысында отбасы дискурсының тактикалары мен стратегияларын айқындайтын тілдік амалдар түрлі отбасы дискурсының мысалдары арқылы талданып, отбасы дискурсы барысында *ынтымақтастық стратегиялары* және *қақтығысу стратегиялары* сияқты екі негізгі стратегиялар түрі көрініс табатыны анықталған.

Отбасы дискурсы адамның психолінгвистикалық жағдайына әсер ететіні тілдік бірліктер арқылы нақтыланып, отбасына тән өзіндік тәлім – тәрбиені ұстанған жағдайда ғана отбасының психолінгвистикалық жағдайының тұрақты болатыны дәйектелген.

Сауалнама жүргізу арқылы заманауи қазақ отбасында құндылықтардың қаншалықты сақталғаны анықталып, ұлттық құндылықтардың дискурс барысындағы маңыздылығы көрсетілген.

Диссертациялық жұмыстың барысында, ғылыми деректерге талдау жасалып, алынған түйіндерді жұмысқа теориялық және әдіснамалық негіз ретінде пайдаланған. Аталмыш диссертациялық жұмыстың теориялық тұжырымы мен қорытындысының шынайылық деңгейі теориялық материалдарды тұжырымдауда жинақтау, талдау, семантикалық талдау, танымдық, концептуалдық талдау, эмпирикалық талдау және коммуникативтік – прагматикалық әдістерін қолдануынан көрінеді.

Диссертанттың материалды логикалық тұрғыдан жүйелі ұсынуы, зерттеу әдістері мен алынған нәтижелері, қорытындылары мен ғылыми тұжырымдамалары, жұмыстың толық аяқталған, өз алдына дербес ғылыми еңбек екенінің дәлелі. Зерттеу жұмысының бөлімдерінде ешқандай ауытқушылық жоқ, жұмыс мазмұнының сабақтастығы берік сақталған.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер жұмыстың мақсаты мен міндетіне сай орындалған. Диссертацияның ішкі құрылымында ғылыми талаптар сақталған.

Диссертанттың зерттеу жұмысы – құрылымы жүйелі, мазмұны жинақы, тілдік фактілерді анықтауы мен терминдік аппараты бар, дәлелдері жеткілікті талданған, ғылыми болжамы негізді және дереккөздері нақты берілген диссертациялық жұмыс.

Қорыта келгенде, Койлыбаева Раушан Қуанышқызының «Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысын «8D02314 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесшісі:
филология ғылымдарының кандидаты,
профессор



М.Ә. Жүніс